



Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі әкімшілік ереже туралы Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Бас салық инспекциясы 1995 жылғы 1 шілдедегі N 43. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 12 шілде тіркелді. Тіркеу N 80. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының

K010209_

Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:
9. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
жөніндегі әкімшілік ережелер туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 1 шілдедегі N 43

V950080_

Нұсқаулығы.

ЕСКЕРТУ. Нұсқаулықтың барлық тармақтарында, бөлімдерінде,

қосымшаларында "Бас салық инспекциясы" деген сөздер - "Мемлекеттік салық комитеті" деген сөздермен, "салық инспекциясының бастығы" деген сөздер "салық органының басшысы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.07. N 37 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. Бұкіл мәтін бойынша "Салық және бюджетке басқа да міндепті төлемдер туралы" "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" деген сөздермен ауыстырылды; Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Занда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990889_

I. Жалпы ережелер

Осы нұсқаулық салықтың барлық түрі және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер (бұдан әрі - салық) бойынша әкімшілік ережелердің қолданылу тәртібін белгілейді.

**II. Әкімшілік ережелер мен салық есебін
қолдану тәртібі**

Қазақстан Республикасы Президентінің

Z952235_

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Заңының X және XI тарауларында көзделген барлық әкімшілік ережелер салықтардың барлық түріне қолданылады, егер Заңның басқа бөлімдерінде өзгеше белгіленбесе.

1.

2.

ЕСКЕРТУ. II-бөлім өзгертілді және 1,2-тармақтар алынып тасталды -
ҚР Қаржы министрінің 1997.02.07. N 37

V970037_

бұйрығымен.

III. Төлемдердің бюджетке толық және уақтылы
түсуін тексеру

1. Салықтың, бюджетке төленетін басқа да төлемдердің және мемлекет алдындағы өзге де қаржылық міндеттемелердің толық және уақтылы төленуіне мемлекеттік бақылау жасауды қамтамасыз етуге салық қызметінің органдары
ғана
у ə к і л е т т і .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі
Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

2. Салықтың белгілі бір түрі бойынша тексерулер жарты жылдықта бір реттен, ал кешенді тексерулер - жылына бір реттен жиі жүргізілмейді. Нақты салық төлеушіге қатысты, сондай-ақ қылмыстық-іс жүргізу заңдарында белгіленген жағдайларда кезектен тыс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің нормативтік бұйрығына сәйкес тексерулер жүргізіледі.

Нақты салық төлеушіге қатысты, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген жағдайларда кезектен тыс тексерулер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің жазбаша рұқсатымен жүргізіледі. Қылмыс белгілері анықталған кезде тексерулерді қылмыстық істерді жүргізу заңдарында көзделген негіздерде тәртіп пен мерзімде салық полициясының бөлімшелері жүргізеді.

Салық қызметінің бөлімшелері салық тәртіп бұзушылықтары мен қылмыстарына байланысты жедел деректерді сараптап талдау кезінде салық төлеушілерге бірлесіп тексеру жүргізу үшін, сондай-ақ салық тәртіп бұзушылық пен қылмыс фактілерін анықтау үшін өздерінің лауазымды тұлғаларын жіберіп
о т ы р а д ы .

Бір салық қызметі бөлімшесі өзінің лауазымды тұлғаларын жіберу туралы шешімді салық қызметінің басқа бөлімшесінен тиісті сұрау түскеннен бастап бес құн
і ш і н д е
қ а б ы л д а й д ы .

Салық органдары заңдарда салық полициясы органдарының тергеуіне

жатқызылатын қылмыстар жасалды деп жорамалдауға мүмкіндік беретін фактілерді ашу кезінде аталған фактілер ашылған күннен бастап үш күн ішінде олар жөнінде анықтау, алдын ала тексеру жүргізуді және зандарға сәйкес шешім қабылдауды жүзеге асыру үшін тиісті салық полициясы органына материалдарды ж о л д а у ғ а м і н д е т т і .

Салық қызметі органдары өздерінің арасындағы келісім бойынша белгіленген тәртіппен салық жолсыздықтары мен қылмыстар туралы өздерінде бар материалдармен олардың жолын кесу жөнінде қолданылған шаралар, өздері жүргізген бақылау салық тексерулері туралы біріне-бірі хабарлап отырады, сондай-ақ өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындау мақсатында басқа да

қажетті ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - КР Қаржы министрлігінің
1995.12.29. N 365

V950011_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді, үшінші-алтыншы жаңа азатжолдармен толықтырылды - КР Қаржы министрлігі Салық комитетінің
1998.07.10. N 62

V980544_

бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармақ толықтырылды - КР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310

V990784_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ 5-абзацы өзгертілді - КР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929
бұйрығымен.

V990889_

3. Тексеру актілері бойынша есептелген салықтардың, алымдардың, басқа да міндettі төлемдердің, айыппұлдар мен өсімдердің сомасы бойынша салық қызметі органы осы Нұсқаулықтың XV бөліміне сәйкес хабарлама жазып береді.

Ескерту. III бөлім 3-тармақпен толықтырылды - КР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990784_

бүйрыймен.

IV. Жекелеген жағдайларда салық салу объектісін анықтау тәртібі

1. Негізінен қол ақшамен жұмыс істейтін және тауарлар сату, жұмыс орындау және қызмет көрсету бойынша шектеулі айналымы бар, сондай-ақ оларға шектеулі адамдар тартылған жеке және заңды тұлғалар бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Қаржы министрлігімен келісіп қызмет түрлерінің тізбесін патент негізінде салық төлеу тәртібін айқындауды. Патент құнына салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді, сондай-ақ мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді өзіне қосатын нақтыланған жиынтық салық енеді.

Жеке меншігінде немесе жер пайдалану құқығында жер участкелері бар шаруа (фермерлік) қожалықтары бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылады.

Олар үшін жер ауыл шаруашылық өнімін өндірудің негізгі құралы болып табылатын немесе қызметі ауыл шаруашылық өнімін өндіру үшін жер пайдаланумен байланысты, сондай-ақ өз өндірісінің ауыл шаруашылық өнімін қайта өндейтін заңды тұлғалар салықтарды патент негізінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша белгілейтін тәртіп бойынша төлей а л а д ы .

Патент құнын есептеу кезінде бюджетке төлеуге жататын салықтар сомасы олар үшін жер ауыл шаруашылық өнімін өндірудің негізгі құралы болып табылатын немесе қызметі ауыл шаруашылық өнімін өндіру үшін жер

пайдаланумен байланысты занды тұлғалар үшін 80 процентке азайтылады.

Патенттің құнын есептеу кезінде бюджетке төленуге тиісті салықтар сомасы шаруа (фермер) қожалықтары және жерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылық өнімімен айналысадын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін 80 процентке

кемітіледі.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.07. N 37 V970037_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. IV. бөлімнің 1-тармағындағы 2, 3, 4 абзацтары жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990889_

2. Бухгалтерлік есеп жүргізу салықтық және тәртібі бұзылған, есеп құжаттары жойылған немесе жоғалған, сондай-ақ салық салу объектісін анықтау мүмкін емес жағдайда, салық қызметі органдары салық салу объектісі мен салықты тікелей және жанама әдістер (активтер, айналым, өндіріс шығасысы және т.б.) негізінде анықтайды. Жанама тәсілдердің әдістерінің бірін қолданудың негізінде салық салынатын объектіні анықтаудың тәртібі осы нұсқаулықтың 6 қосынша нанда

келтірілген.

Жүк тиеу құжаттарының, сондай-ақ салықтық шот-фактуралардың растиғы үшін тауарларды жеткізушилер (жұмыс орындаушылар, қызмет көрсетушілер) жауап береді.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.07. N 37 V970037_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

3. Егер жеке тұлға өз тұтынуы үшін, оның ішінде мұлік сатып алуға, жұмсаған шығыстарына сәйкес келмейтін табысын көрсетсе, салық қызметі өткен кезеңдердегі табыстарын ескере отырып, оның жұмсаған шығыстарының негізінде табыс пен салықты анықтайды.

4. Сол сияқты басқа тұлғалар мен органдар аталған табыстың алыну зандылығын даулаған жағдайда, табыс салық салуға жатады.

5. Егер Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша табыс бюджетке алынуға жататын болса, онда аталған

табыс одан төлөнген салық сомасы шегеріліп алынады.
ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

6

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.07. N 37 V970037_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді, екінші азатжол алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_
бұйрығымен.

Ескерту. 6-тармақ алып тасталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

7. Барлық салықтарға қатысты баспа-бас операциялар бұл операцияларды салық есеп-фактураларымен міндетті түрде ресімдей отырып, қолданылып жүрген бағалар бойынша өнімді (жұмысты, көрсетілген қызметті) сату ретінде қарастырылады.

Активтерді өтемесіз негізде беру және (немесе) төмендетілген құны бойынша сату кезінде беруші (сатушы) тұлға активтерінің құны-салық салу мақсатында айқындалатын өзіндік құн негізге алынып, ал алушы тұлға активтерінің құны-берілетін (сатылатын) активтерінің кіріске алынған бағалау құны бойынша белгіленеді. Салық салу мақсаттары үшін тауарлардың құндары тең болмай айырбасталған кезде салық салынатын айналым ең көп сату бағасы бар өнімнің (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) құндары негізінде анықталады, бірақ бұл ретте оның көлемі жөнелтілген өнімнің нақты қалыптасқан шығынынан кем болмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақта екінші азатжол жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_
бұйрығымен.

Ескерту. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

IV-I. Салық салу мақсаттарына арналған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) бағаларын белгілеу принциптері

1. Егер осы бөлімде өзгеше көзделмесе, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) салық салу мақсатына арналып, мәміле тараптары көрсеткен бағалары қабылданады.

2. Салық органдары тек мынадай жағдайларда ғана мәміле бойынша бағаның дұрыс қолданылуын бақылауға құқылы:

1) байланысқан тараптардың араларында;

2) тауар айырбасы бойынша (баспа-бас айырбас операциялар бойынша);

3) тоқсан шегінде тауарларға (жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) ұқсас (біртекті) салық төлеуші қолданатын баға деңгейінің едәуір өзгерісі (кез келген жағында 20 проценттен асса) кезінде.

4) резидент еместер көрсеткен (орындаған) импортталатын тауарлардың, қызметтердің баға деңгейі ұқсас (біртекті) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) нарықтық бағасы деңгейінен едәуір асқан жағдайда (20% артық).

3. Осы бөлімдегі 2-тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, мәміле тараптары қолданған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары ұқсас (біртекті) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) нарықтық бағаларынан 20 проценттен астам ауытқыса (кез келген жағына), салық органды салықтар мен айыппұл санкцияларын қосып төлеу туралы шешім шығара алады, бұл мәмілелердің нәтижелері нарықтық баға ескеріле отырып есептелген негізде есеп айырылысады. Мәміленің нарықтық бағасын анықтау үшін осы бөлімнің 4-13-тармақтарында көзделген жағдайлар есепке алынады;

Осы бөлімнің 2-тармағындағы 4) тармақшасында аталған жағдайларда, резидент еместер көрсеткен (орындаған) импортталатын тауарлардың, қызметтердің (жұмыстардың) бағалары ұқсас (біртекті) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) нарықтық баға деңгейінен едәуір асса (20%-тен астам), салықтар мен айыппұл санкцияларын қосып төлеу туралы шешім шығара алады, бұл мәмілелердің нәтижелері нарықтық баға ескеріле отырып есептелген негізде есеп айырылысады. Мәміленің нарықтық бағасын анықтау үшін осы тараудың 4-13-тармақтарында көзделген жағдайлар есепке алынады.

4. Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасы салыстырмалы экономикалық (коммерциялық) жағдайлардағы сұраныс пен ұсыныстың өзара қатынасында нарықтағы ұқсас (жоқ болатын болса біртекті) тауарлардың қалыптасқан бағасы қабылданады.

5. Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) нарығы болып Қазақстан Республикасының аумағында немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жердегі сатып алушыға қатысты жақын жерде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының нақты және едәуір қосымша шығындарсыз сатып алу мүмкіндігі ескерілетін осы тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) айналыс сапасы танылады.

6. Салық салу мақсаттары үшін мыналар байланысты тараптар болып таңылады:

Өз қызметі немесе олар өкілдік ететін тұлғалардың қызметінің жағдайларына немесе экономикалық нәтижелеріне олардың арасындағы қатынастар тікелей әсер етуі мүмкін жеке адамдар және (немесе) занды тұлғалар, атап айтқанда:

1) бір тұлға басқа тұлғаның мүлігіне қатысады, мұндай қатысудың үлесі 33 проценттен астамын құрайды;

2) тұлғалар Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес некелік қатынастарда, туыстық немесе жекжаттық қатынастарда, асырап алушы және асыранушы, сонымен қатар қамқоршылық және қорғаншылық қатынастарында болжаса.

7. Оларға тән бірдей белгілері бар тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бара-бар деп таңылады.

Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) бара-барлығын анықтау кезінде олардың физикалық сипаттамалары, рыноктағы сапасы мен беделі, шыққан елі және өндіруші ескеріледі.

8. Біртекті деп бара-бар болмағанымен ұксас сипаттамалары және ұксас бөліктерден тұратын, мұның өзі оларға сондай функциялар атқаруға мүмкіндік беретін және коммерциялық жағынан бірін-бірі ауыстыра алған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) танылады.

Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) біртектілігін анықтау кезінде олардың сапасы, тауарлық белгісі барлығы, рыноктағы беделі, шыққан елі ескеріледі.

Рыноктағы бара-бар (олар жоқ болған жағдайда біртекті) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) мәмілелерінің экономикалық (коммерциялық) жағдайлары салыстырмалы деп танылады, егер осындай жағдайлар айырмашылықтары бағаға әсер етпейтін болса немесе осы бөлімнің 10-тармағына сәйкес түзетілуі мүмкін болжаса.

9. Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) рыноктық бағаларын анықтау кезінде байланысты болып табылмайтын тараптардың арасындағы мәмілелер назарға алынады. Байланысты тараптардың арасындағы мәмілелер мынадай жағдайда, егер тараптардың байланыстылығы осындай мәмілелердің нәтижелеріне әсер етпесе, назарға алынуы мүмкін.

10. Таудың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) рыноктық бағасын анықтау кезінде салыстырмалы жағдайларда бара-бар (біртекті) тауарлармен (жұмыстармен, қызмет көрсетулермен) осы тауды (жұмысты, қызмет көрсетуді) сату кезінде жасалған мәмілелер туралы ақпарат ескеріледі.

Мәмілелердің бара-бар (біртекті) тауарлармен (жұмыстармен, қызмет көрсетумен) салыстырмалы жағдайын анықтау кезінде мынадай жағдайлар

ескеріледі: берілетін тауарлардың (мысалы, тауар партиясының көлемі) (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) мөлшері (көлемі), міндеттемелердің орындалу мерзімі, әдетте осындай мәмілелер түрінде қолданылатын төлем шарты, сондай-ақ бағаға әсер етуі мүмкін өзге де жағдайлар.

11. Бағаның денгейінің ауытқу маңыздылығының дәрежесін анықтау кезінде тоқсан шегіндегі бара-бар (біртекті) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша салық төлеуші қолданатын мәміле жасау кезінде байланысты емес тараптардың арасындағы бағаға немесе шегерімге, тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) нарығындағы сұраныс пен ұсыныс факторлары ескерілген үстеме есепке алынады.

Тараптардың мәмілелерінде көрсетілген тауарлардың бағасына егер аталған шегерімдер тауардың жарамдылығы мерзімінің бітуімен мерзімі аяқталуға таяу немесе тауарларды, маркетинг (баға) саясатын іске асыру, тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) олар үшін жаңа рынокқа жылжыту ұқсас үлгісі жоқ нарықтағы жаңа өнімдерді жылжыту кезінде, сондай-ақ тұтынушыларды олармен таныстыру мақсатында тауарлардың тәжірибелік модельдері мен үлгілерін сату кезінде осы бөлімнің З-тармағында көзделген ережелер қолданылады.

12. Мәмілелер бойынша тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тиісті нарығындағы бара-бар (біртекті) тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) болмауы немесе бұл нарықта осындай тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) сұранымның жоқтығынан, сонымен қатар, нарықтық бағаны анықтауда ақпараттық көздердің жетіспеушілігінен не жоқтығынан тиісті бағаны анықтау мүмкін болмаған жағдайда мынадай әдістер пайдаланылуы мүмкін:

1) Өнімді кейін сату бағасы әдісі, мұнда тауарлар (жұмыстар, қызметтердің) нарық бағасы сатып алушы кейін сату (қайта сату) кезінде осындай тауарларды (жұмыстар, қызметтерді) сатқан және сатып алушы тартқан шығындар мен оның үстеме бағасы расталған баға айырmasы ретінде анықталады. Үстеме баға осы қызмет сапасы үшін қалыптасқан орташа пайда нормасын қамтамасыз ететіндей болып анықталаады;

2) Жұмсау әдісінде тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) нарықтық бағасы жұмсалған шығын сомасы мен үстеме бағаның сомасы ретінде анықталады Өндіріске (сатып алуға) және (немесе) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатуға жұмсалған тұра және жанама шығындар, тасымалдау, сақтау, сақтандыру және өзге де шығындар есепке алынады. Үстеме баға осы қызмет сапасы үшін қалыптасқан орташа пайда нормасын қамтамасыз ететіндей болып анықталаады.

13. Тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) нарықтық бағасын анықтау мен

тану кезінде тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) мен биржалық котировкаларға арналған нарықтық бағалар туралы ресми ақпарат көздері, мемлекеттік өкімет органдарының ақпараттық базалары және салық төлеушілердің салық органдарына берген ақпараттары пайдаланылады.

14. Исті қарau кезінде сот осы бөлімнің 4-13 тармақтарындағы

жағдайлармен шектелмestен іс үшін маңызы бар кез келген мән-жайларды ескеруге құқылы.

15. Осы тармақтың ережелері жиынтық жылдық кірісі 100 000 айлық есептік көрсеткіштен асатын салық төлеушілерге қолданылады. Осы шектеу акциздеуге жататын тауарларды шығарушы не (немесе) сатушы не (немесе) тауарларды экспорттаушы салық төлеушілерге, сондай-ақ осы бөлімнің 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген жағдайларда қолданылмайды.

Ескерту. IV-І бөліммен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990784_

бұйрығымен.

V. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі

1. Аумақтық салық органы әрбір салық төлеушіге тіркеу нөмірін береді, ол барлық салыққа қатысты пайдаланылады.

Салық төлеушілерді салық есебіне тіркеу мен одан шығаруды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ екінші азатжолмен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980544_

бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990784_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда жазылды -

ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы

4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990889_

2. Аумақтық салық органы салық төлеуші болып табылмайтын, бірақ бюджетке төлемдер жасауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға тіркеу номірлерін береді, ол төлемдер төлем көзінен ұсталып отырады.

Салық төлеушілерді тіркеу жүйесін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі айқындаиды.

Салық төлеуші :

- ұсынылған жазба негізінде аумақтық салық органы қызметкерлерінің талап етуі бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу мен төлеуге байланысты есептік құжаттар мен мүліктерді тексеру үшін Ұс ы н у ғ а ;

- ұсынылған жазба негізінде аумақтық салық органы қызметкерлерін табыс алу үшін пайдаланылатын немесе салық салу мазмұнына ие объектілерге байланысты өндірістік, қойма, сауда басқа да үйлер мен көліктерді тексеру үшін рұқсат етүгे ;

- қолма қол ақшалармен жұмыс істеу кезінде фискалды зердесі бар бақылау-кассалық аппараттар арқылы және сатып алушы-тұтынушыға бақылау чектерін бере отырып фискалды карталарды пайдаланудың компьютерлік желілерімен операциялар жүргізуге міндетті.

бақылау-кассалық аппараттар мен фискалды карталарды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ екінші азатжолмен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_

бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

3. Занды және жеке тұлғалар өздерінің салық төлеушінің тіркеу нөмірін салық декларациясында төлем (векселді қоспағанда) айырысатын және салық мақсаттарында пайдаланылатын басқа да құжаттарда көрсетуге, өз нөмірін табыс төлейтін кез-келген тұлғаға хабарлауға міндettі. Аумақтық салық органы салық төлеушінің тіркеу нөмірін салық төлеушіге жіберілетін оның салық міндеттемелеріне қатысы бар барлық хабарламаларда көрсетеді.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің
1997.02.07. N 37 V970037_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің
1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

Ескерту. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

4. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелген жеке тұлғалар және занды тұлғалар аумақтық салық органына тіркеу нөмірін алу үшін тіркелген күнінен бастап 10 күн ішінде өтініш беруге міндettі. Басқа салық төлеушілер, сондай-ақ тұрақты мекеме құрмай Қазақстан Республикасы аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын резидент емес занды тұлғалар" тіркеу нөмірін алу үшін еңбек шарты (контракты) немесе мердігерлік (жалдану) шарты бойынша жұмыс басталған немесе салық бойынша басқа да міндеттемелер туындаған күнінен бастап 10 күн ішінде аумақтық салық органына өтініш беруге міндettі.

Ескерту. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990889_

5. Қазақстан Республикасында қызмет істейтін шетелдік занды тұлға Қазақстан Республикасының салық зандарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан (немесе бұрынғы КСРО үкіметінің атынан) жасалған халықаралық шарттарға сәйкес өзінің алдағы қызметі салық салынуға тиіс деп таныла ма, жоқ па - осыған қарамастан тұрақты мекемесі орналасқан жердегі аумақтық салық органдарында тіркелуге міндettі.

Ескерту. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

6. Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын шетел компаниясының өкілдігі шетелдік занды тұлғаның тұрақты мекемесі ретінде қаралып, осы өкілдікке қатысты бөлігінде жергілікті

салықтар, алымдар мен төлемдер төлеуші ретінде аумақтық салық органдарына есепке тұрады (мысалы, өкілдік қызметкерлерінің жалақсынан алынатын табыс салығы және т.б.).

Ескеरту. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

7. Қазақстан Республикасында тұрақты табыс көзі бар, немесе республикада бірнеше табыс көзі бар Қазақстан Республикасының резидент еместеріне салық төлеушінің тіркеу нөмірі беріледі. Салық органдарында есепке алуға осы резидент емеске табыс төлейтін кәсіпорынның жазбаша

өтініші негіз болады.

Шетелдік заңды тұлғаларды есепке алу және тіркеу тәртібі осы нұсқаулықтың N 5 қосымшасында келтірілген.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1

V970062_

бұйрығымен.

VI. Салық төлеушілермен хат-хабар алысу

1. Салықтық қызмет жіберетін кез келген хабарлама немесе басқа күжаттар:

- жазбаша түрде құрылған;
- басшы немесе өкілеттігі бар лауазымды тұлға олардың фамилиялары мен аты-жөнін көрсете отырып қол қойған;
- салық төлеушіге жіберілген немесе табыс етілген;
- елтаңбалы мөрмен расталған болуы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлінің 1997.02.07. N 37

V970037_

бұйрығымен.

2. Жеке және заңды тұлғаларға құжаттарды тапсырудың екі заңға сай әдісі айқындалды. Құжат, егер ол салық төлеушінің өз қолына табыс етілсе тапсырылған болып саналады. Сонымен бірге салық қызметі, егер құжат тұлғаның ресми түрғылықты мекен-жайына тапсырыс почтасы бойынша немесе әдеттегі мекен-жайы бойынша жіберілсе, құжатты тапсыру тәртібі туралы талап орындалды деп есептеледі. Салық төлеушінің жазбаша ескертуді алу сәті жазбаша ескертуді почтаның тапсыру күнінің сәті, ал салық қызметінің салық төлеушіге жазбаша ескертуді тапсыру фактісінің мойындауы салық қызметінің почтадан тапсыру фактісін раставтың құжатты алу күнінің сәті болып есептеледі.

3. Салық қызметінің құжаттарында жол берілген процедуралық ағаттықтарды пайдалану мүмкіндіктерін немесе хабарлама қағазда көрсетілген салық немесе өзге де міндеттемелерді орындаудан жалтарып кету негіздерді болдырмау үшін аталған бөлімнің күші хабарлама қағазды табыс ету ережесін толық сақтамаған жағдайларға қолданылады, алайда бұл салық төлеушіге ескерту қағазын жеткізуғе бөгет жасамауы тиіс.

Мысал: Құжат салық төлеушінің өзіне емес, әйеліне табыс етілді, ол содан соң оны тиісті адамына берді. Егер салық қызметі салық төлеушінің ескерту қағазды шынында алғандығы фактісін дәлелдей алса (мысалы, оның зайыбының мәлімдемесі негізінде) хабарлама қағаз тиісті шарттарды сақтай отырып, табыс етілген деп қарастырылады.

Салық төлеуші іс жүзінде кәсіпорынның, ұйымның атауын ресми тіркелген атынан бөлек пайдаланған жағдайда хабарлама қағаз оның ресми емес атын пайдалана отырып салық төлеушінің ресми мекен-жайына жіберіледі және ресми түрде табыс етіледі деп есептеледі.

Мысал: Салық төлеуші өз кәсіпорнын "Романо рестораны" атауымен тіркеді дейік, ал іс жүзінде "Романо кафесі" атауын пайдаланды. Егер салық инспекторы кәсіпорында болып, "Романо кафесі" кәсіпорнына есептелген салық сомасы туралы хабарлама қағаз толтырса, бұл салық төлеушіге хабарлама қағаздың заң күші жок, өйткені ресми тіркелген атау құжатта көрсетілгеннен

басқа деген желеуге жүгінуге құқық бермейді.

VII. Мерзімді белгілеу

Белгіленген мерзімнің өтуі нақты жағдайдан немесе оның бастанқы белгіленген заңды әрекеттен кейінгі күннен басталады. Мерзім белгіленген кезеңнің соңғы күні біtedі. Егер мерзімнің соңғы күні демалыс күніне сәйкес келсе, мерзім келесі жұмыс күнінің соңында біtedі.

VIII. Салық төлеушінің құқығы

1. Салық төлеушінің:

- салық жөнінде женілдіктерге құқығын растайтын құжаттарды табыс етуге;
- жүргізілген тексеру актілерімен танысуға;

- салықтарды есептеу мен төлеу және жүргізілген тексеру актілері

бойынша салық органдарына түсіндірмелерді ұсынуға;

- занда белгіленген тәртіппен салық органдарының шешімдеріне шағымдануға;

- салық салуға қатысы жоқ ақпараттар мен құжаттарды тапсырмауға құқығы бар.

Салық қызметі органдарының қызметкерлерін бөлімше басшысы немесе өздерінің тегі және аты-жөні, мөрі көрсетілген уәкілетті лауазымды адамдар қол қойған нұсқамасыз есеп құжаттамаларын және мүліктерді тексеруге, өндіріс, қойма, сауда, өзге үй-жайларын және көлікті зерттеуге рұқсат етілмейді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980544_

бұйрығымен.

Ақпараттарды беру және жинау
IX. Есеп құжаттамаларын жасау және сақтау

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі актілеріне сәйкес салықтық есептер бойынша құжаттамаларды жүргізуге міндетті.

Ескерту. 1-тармақ өзгерілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

2. Салық төлеушілер бес жыл бойы қағаз, электронды немесе магнитті жазбаларда салықтық есеп бойынша құжаттарды сақтауға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 1, 2-тармақтар жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

3. Егер салық төлеушінің жекелеген құжаттары шет тілдерінде жасалған болса, салық қызметі оларды қазақ немесе орыс тілдеріне аударуды талап етуге құқылы .

X. Салық декларацияларын тапсыру

1. Салық төлеушілер аумақтық салық органдарына декларацияны төмендегі мерзімде (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Қаржы министрлігімен келісіп белгілеген үлгі бойынша) береді:

- табыс салығы бойынша есепті мерзімнен кейінгі жылдың 31 наурызына дейін;

- қосылған құнға салынатын салық бойынша есепті мерзімнен кейінгі айдың 15-сінен кешіктірмей. Егер тоқсандагы орташа айлық төлемдер ең төменгі 500 айлық еңбек ақыдан жоғары болса, онда есепті мерзім болып ай саналады;

- бағалы қағаздар эмиссиясын және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірегейлендіру нөмірін беру тіркеген үшін алымдар жөніндегі декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін;

- акциздер бойынша есепті айдың әрбір он күні үшін төленуге тиісті және нақты төленген акциздердің сомаларын бөлу арқылы есепті айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей ай сайын;

- арнайы төлемдер мен жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары бойынша шартта белгіленген мерзімде;

- роялти бойынша - есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне дейін. Егер тоқсан үшін орташа айлық төлемдер 1000 айлық есепті көрсеткіштен аз болатын болса, онда есепті кезең болып тоқсан табылады. Егер тоқсан үшін орташа айлық төлемдер 1000 айлық есепті көрсеткіштен артық болатын болса, онда есепті кезең болып ай табылады;

- жаздырып алынатын бонус бойынша - есепті айдан кейінгі айдың 10-ы күніне дейін;

- коммерциялық табылған бонус бойынша - коммерциялық табу жасалған жылдан кейінгі жылдың 10 сәуіріне дейін;

- есепті жылда алынған ұстеме пайдаға салынатын салық бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуіріне;

- жер салығы бойынша ұстіміздегі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей жыл

сайын;

- көлік құралдарына арналған салық бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей;
- мұлікке арналған салық бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей.

бірыңғай жер салығы бойынша - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысан бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін;

- әлеуметтік салық бойынша - ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей;

- әлеуметтік салық бойынша ай сайын келесі есепті мерзімнің 15-і күнінен кешіктірілмей төленуі керек.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - КР Қаржы министрінің
1997.02.07. N 37

V970037_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - КР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1

V970062_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - КР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980544_

бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді және толықтырылды - КР Мемлекеттік кіріс

V990784_

бүйрекшімен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 4-абзацы толықтырылды, 7-абзац жаңа редакцияда, 8, 9, 13, 14-абзацтармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бүйрекшімен.

V990889_

2. Салық төлеуші бюджетке қосымша төлеуге тиісті салық сомалары бойынша сол нақтылау жүргізілген есепті кезең үшін тіркелген жеріндегі салық органына қосымша декларация тапсырады. Бұл декларацияларда тиісті жолдар бойынша бұрын тапсырылған декларациямен салыстырғандағы тек анықталған айырмасынан гана көрсетіледі.

Бұл жағдайда одан салық төлеу мерзімінен оны бюджетке төлегенге дейінгі сәттен бастап айыппұл санкцияларын қолданбай белгіленген мөлшерде өсім өндіріліп алайды.

ЕСКЕРТУ. жаңа 2-тармақпен толықтырылды, 2, 3, 4 және 5 тармақтары тиісінше 3, 4, 5 және 6 тармақтары болып саналды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бүйрекшімен.

2-1. Әлеуметтік салық бойынша заңды тұлғаның шешімі бойынша оның филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері өзінің тұрган жері бойынша аумақтық салық органына декларация бере алады және салықты өз бетімен төлеуді жүзеге асыра алады.

ЕСКЕРТУ. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бүйрекшімен. V990889_

3. Салық төлеуші Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметін аяқтаған кезде салық қызметі салық төлеушіден декларацияның қашан және қандай мерзімде берілуінің қажет екендігін, себептері мен күнін көрсету арқылы жазбаша ескерту қағазын тапсыру жолымен 12 айдан кем емес уақыт ішіндегі табыстары туралы декларацияны беруді талап етуі мүмкін.

4. Занды тұлғаны жою кезінде жою комиссиясы немесе салық төлеуші тез арада бұл туралы салық қызметіне жазбаша түрде хабарлайды. Занды тұлғаны жою туралы шешім қабылдағаннан кейін он бес күн ішінде салық төлеуші салық органдарының қызметіне жиынтық жалдық табыс пен шегерімдер туралы

декларация баруі керек.

5. Резиденттің занды тұлғаны құрмaston жүзеге асырған кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан кезде олар 15 күн мерзім ішінде жиынтық жылдық табыс пен шегерімдер туралы декларацияны салық қызметінің органдарына тапсырады.

6. Салық декларациясына салық төлеуші қол қоюы керек, немесе ол болмаған жағдайда яки әрекет етуге қабілеттілігі болмаса, салық төлеушінің салық декларациясын жасау жөнінде қызмет көрсеткен занды өкілі, аудиторы мөрді және өзінің салық төлеушілік тіркеу нөмірін көрсетуі арқылы қол қоюы тиіс.

7. Салық декларациясы аумақтық салық органдарына әкеліп тапсыру тәртібімен немесе хабарлама арқылы тапсырыс хатпен поча арқылы беріледі. Салық декларациясы аумақтық салық органдарының келісімімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі белгіленген нысан бойынша ақпараттың электронды құралдары арқылы немесе ақпаратты компьютерлік өндеуге жол беретін өзге түрде табыс етіледі.

Салық декларацияларын қабылдау алдын-ала тексеріссіз салық органдарымен жүргізіледі. Осында ұсынылған декларациядағы мәліметтердің растиғы мен толықтығына салық төлеуші жауап береді.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

Ескерту. 7-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

8. 1) мемлекеттік лауазымға немесе мемлекеттік не оған теңестірілген мемлекеттік міндеттерді және оған теңестірілген қызметтерді атқарумен байланысты, сондай-ақ мемлекеттік қызмет бойынша көтерілгенде лауазымға үміткерлер салық органына тұрғылықты жері бойынша мыналарды табыс етеді:

кірістер туралы декларацияны;

салық объектісі болып табылатын, соның ішінде Қазақстан Республикасы аумағынан тыс орналасқан, аталған мұліктің бағалау құны мен орналасқан жерін көрсете отыра мұлік туралы декларацияны;

мыналар туралы мәліметтерді:

банктік мекемелердегі салымдар және құнды қағаздар туралы, оның ішінде банк мекемесін көрсете отырып Қазақстан Республикасы аумағынан тыс орналасқан, сонымен қатар сол тұлғалар өздері не басқа бір тұлғалармен бірге иелік ете алатын қаржы қаражаты туралы;

акционер немесе құрылтайшы (қатысушы) ретінде занды тұлғалардың

жарғылық капиталындағы қатысу мөлшерін және толық банктік және аталған үйымдардың басқа деректемелерін көрсете отырып өзінің тура және жанама қ а т ы с у ы т у р а л ы ;

трасттар мен мемлекеттер туралы, оларда сәйкес банктік шоттардың номірлері көрсетіле отырып тіркелген болса, егерде тұлға не оның зайыбы (әйелі) осы трасттардың бенефициары болып табылса;

басқа үйымдардың атаулары мен деректемелерінде олардың тұлғаға немесе оның зайыбына (әйеліне) тиесін айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен мың есе артық материалдық немесе қаржылық қаражаттың мазмұны мен уақытша сақталуы жөнінде шарттық қатынастары, келісімдері және міндеттемелері (оның ішінде және ауызша) бар болатын болса;

2) мемлекеттік қызметтегі адамдар жыл сайын өздерінің өкілеттерін орындау кезінде, сонымен қатар теріс уәждер бойынша мемлекеттік қызметтен босатылған адамдар босағаннан кейін үш жыл ішінде салық зандарында белгіленген тәртіп бойынша тұрғылықты жері бойынша салық органына д е к л а р а ц и я ү с ы н а д ы ;

3) мемлекеттік қызметке немесе мемлекеттік не оған теңестірілген міндеттерді орындаумен байланысты, немесе мемлекеттік қызметті атқарушылар болып табылатын үміткердің зайыбы (әйелі) тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасының аумағы мен одан тысқары орналасқан және салық салу обьектісі болып танылатын кірістер мен мүлік туралы декларациялар табыс е т е д і ;

4) 1), 2) тармақшаларында аталған тұлғалар тиісінше өздері қызметке кіруге үміткер органға немесе жұмыс орнынан 1), 2), 3) тармақшаларында атап өтілген декларациялар мен мәліметтерді алғандығы туралы салық органынан анықтама т а б ы с е т е д і .

Ескерту. Х-бөлім 8-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

XI. Төлемдер бойынша ақпарат беру

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізіп беруді және (немесе) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін акы төлеуді жүзеге асыратын салық төлеушілер салық Қызметінің талабы бойынша жеткізіп берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны және (немесе) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген нысандар бойынша орындаушыға төленген сомалар туралы ақпарат беруге м і н д е т т і .

Мысал: Егер салық қызметіне инвестициялық компанияның көптеген жеке

тұлғалардың атынан әрекет ете отырып, басқа елге қаржы салғандығы белгілі болса, онда салық қызметі осы инвестициялардың ту сыртында тұрған тұлғалардың кім екендігін білуге мүдделі бола алады.

Қазақстандағы тұрақты мекеменің жұмыстарды орындаудан және қызмет көрсетулерден алынған кірістері, егер Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты мекеменің шотына соқпай-ақ аударған жағдайда табыс төлейтін субъект аумақтық салық органы беретін тұрақты мекеменің салық төлеушісінің тіркеу нөмірі осы анықтама тапсырылатын органды көрсетіп анықтама алуы тиіс. Бұл ретте тікелей табыс төлейтін субъект аталған анықтама болмаған жағдайда табыс салығын төлеу көзінен ұстайды.

Оның үстіне табыс төлейтін салық төлеуші шаруашылық жүргізу什і субъектілер арасында операцияларды жүзеге асырған кезде, егер төлеу қызмет көрсеткен субъектінің шотына соқпай үшінші тұлғаның шотына жүргізілсе, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді және асырған субъектінің тіркелген жеріндегі салық қызметі органына хабарлануы тиіс.

ЕСКЕРТУ. XI-тарау үшінші, төртінші азатжолдармен толықтырылды - ҚР

Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62
V 9 8 0 5 4 4 _ бұйрығымен .

Ескерту. XI-бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен .

ЕСКЕРТУ. 1-абзац жаңа редакцияда, 3-абзац өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929
бұйрығымен . V 9 9 0 8 8 9 _

XII. Салық декларацияларын тапсыру мерзімін ұзарту

1. Салық комитетінің басшысы салық төлеушінің өтінішіне сай салық декларациясын тапсырудың белгіленген мерзімін, егер салық төлеуші осы мерзім жеткенге дейін оны ұзарту жөнінде өтініш берсе, үш ай аспайтын уақытқа ұзарта алады .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен .

2. Декларация тапсыру мерзімін ұзарту салық төлеу мерзімін өзгертпейді.

Мысал: Салық төлеуші 1996 жылға арналған табыс салығы бойынша декларация тапсыру күнін 1997 жылдың 31 наурызынан 1997 жылдың 30 маусымға дейін ұзартқысы келді делік. Салық комитетінің бастығы декларация тапсыру мерзімін ұзартуға рұқсат берді. Алайда, салық төлеуші мерзімі өткен әр күн үшін (төлеу күнін қоса) салықты уақытын төлемегені үшін 1997 жылдың 11 сәуірінен бастап өсім төлеуге тиіс, себебі табыс салығы бойынша түбегейлі есеп

айырысу мөлшері декларация берген соң 10 күн ішінде белгіленді.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

XIII. Банк шоттары

1. Банк операцияларының жекелеген түрлерін орындаушы банктермен басқа
ұйымдар:

- салық төлеушіге банктік шоттарды ашқан кезде салық қызметі органдары хабарлаған салық төлеушінің тіркеу нөмірін ескертуге, оларды салық төлеушіге аталған шоттардың он банкі күні ішінде ашылғаны туралы хабардар етуге және төлем құжаттары (вексель және олардың негізінде және көмегімен банк шоттарындағы қолма-қол ақшаны банк қабылдайтын және беру жүргізілетін төлем құжаттарынан басқа) салық төлеушілердің тіркеу нөмірлері қойылмайынша шоттар бойынша операциялар жүргізбеуге;

- салық төлеушілердің банктік шоттардан салық төлеуге арналған төлем тапсырмаларын бірінші кезекте атқаруға міндettі. Салық төлеушілер осы шоттарға аумақтық салық органдарының инкассалық тапсырмалары (өкімдері) негізінде белгіленген мерзімде бюджетке өткізбеген салық, айыппұл және өсім сомаларын өндіріп алуға арналған салық қызмет органдарының инкассалық тапсырмаларын (өкімдерін) осындай ретпен атқаруға міндettі.

Салық төлеушінің банк шоттарында теңгемен қаражаты болмаған жағдайда салықтар, айыппұлдар мен өсімдер бойынша берешекті өндіріп алу, шетел валюталарына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін теңге бағамын қолдана отырып сол шоттарға аумақтық салық органдарының инкассалық тапсырмалары (өкімдері) негізінде, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарында көзделген тәртіп пен шарттарда салық төлеушінің банк шоттарындағы шетел валютасындағы қаражаттардан жүргізілсін

Салық төлеуші - занды тұлғалардың банктердегі шоттарында ақша жоқ немесе жеткіліксіз болса салықтар бойынша кем берілген төлемді, сондай-ақ айыппұл мен өсім сомаларын өндіріп алуды төлемді кем берушіге тиесілі сомалар шегінде олардың дебиторларының банктердегі банктік шоттарындағы ақша

қолдануға.

Салық органында көрсетілген инкассалық тапсырманы (өкімді) салық төлеуші мен оның дебиторы толық төлеуі үшін банктік шотта ақша жетіспеген жағдайда салық органының инкассалық тапсырмасы (өкімі) салық төлеушінің және оның дебиторының тиісінше банк шотына ақшаның келіп түсуіне қарай жүргізіледі:

- салық сомаларын салық төлеушінің банктік шотынан ақшаны шығарып тастау жөніндегі операциялар жасаған күнгі тиісті бюджеттің кірісіне есептеуге (банкке немесе бюджет жүйесінің кассалық атқарылуын жүзеге асыратын қаржы мекемесіне аударуға);

- салық қызметінің қызметкерлерін банк шоттары бойынша тексерілетін салық төлеушілер жасалатын операцияларды (немесе ағымдағы), бұл шоттардағы қолма қол ақшаларды тексеруге рұқсат етілсін;

- салық қызметінің шешімі бойынша, осы Жарлықтың 171-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда, салық төлеушілердің банктік шоттарындағы барлық шығыс операцияларын тоқтатуға және бірінші кезекте тиісті салықтарды сөзсіз аударуға қатысты нұсқауларды атқаруға;

- салық қызметінің органдарына жазбаша сұрау салу негізінде тексерілетін салық төлеушінің белгілі бір кезең ішінде банктік шоттармен жасалған операциялар туралы, шоттарындағы қолма қол ақшалар туралы, оның өткен жыл ішінде жасалған қаржы операциялары туралы және Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген үлгі мен мерзімде тағайындалған сыйақылар (мұдделер) ставкасы туралы ақпараттарды ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармак өзгертілді - КР Қаржы министрінің
1997.02.07. N 37

V970037_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармак өзгертілді - КР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1

V970062_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармак өзгертілді - КР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980544_

бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді және толықтырылды - КР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990784_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. бөлімнің 4-абзацы жаңа редакцияда жазылды, 3-абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990889_

XIY. Талап қою мерзімінің ұзақтығы

Қайта қаралған салық сомасын немесе бұдан бұрын есептелген салық сомасын төлеу туралы салық қызметі органдарының талаптарына сондай-ақ артық төленген салық сомасын қайтару немесе есептеу туралы салық төлеушілердің талаптарына талап қою мерзімінің ұзақтығы бес жыл болып белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. XIV-тaraу жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің 1995.12.29. N 365

V950011_

бұйрығымен.

XV. Салықтардың, алымдардың және басқа да міндетті төлемдер сомаларының есептелуі туралы жазбаша хабарлама

1. Салық қызметі салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдердің жүргізілген құжаттық және камеральдық тексеріс нәтижелері бойынша есептелген жағдайда салық төлеушіге мынадай мазмұндағы мәліметтерді жазбаша хабарлап табыстайды:

салық төлеушінің тегі, аты және әкесінің аты (немесе атауы);
салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
жазбаша хабарлама жасалған күні;
салықтардың, алымдардың, басқа да міндетті төлемдердің және айыппұл санкцияларының есептелген сомасы;

төленгені туралы талап және төлеудің мерзімі;
төлеудің орны мен тәсілі;
шагым беру тәртібі.
Жазбаша хабарламаны тапсыру рәсімі осы Нұсқаулықтың VI бөліміндегі
1, 2 тармақтарда жазылған.

Ескерту. XV бөлімнің атауы мен 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды
- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990784_

бүйріғымен.

2. Салық төлеудің мерзімі туралы салық төлеушіге ескерту үшін салық
қызметі салық төлеушіге сондай-ақ төлеу мерзімін және басқа да талап
етілетін реквизиттерді көрсету арқылы хабарлама жібереді.

Салықтарды жинау

XVI. Салықтарды, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу

Ескерту. XVI бөлімнің атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік
кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990784_

бүйріғымен.

1. Салықтар алымдар және басқа да міндетті төлемдер мына мерзімдерде
төленеді:

а) табыс салығы бойынша:

- кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар салық
қызметі органдарына мәлімделген салық жылы үшін жорамалданып отырған
табыс салығының сомасының 1/12 бөлігіне сүйене отырып әрбір айдың 20

жүлдизынан кешіктірмей аванстық төлемдердің сомасын бюджетке енгізуге міндettі;

- маусымдық сипаттағы жұмысы немесе басқа да шарттары бар кәсіпкерлік қызметпен айналысатын занды және жеке тұлғалар салық жылы ішінде төлеуге тиісті аванстық төлемдердің сомасын салық қызметі органдарының келісімімен айқындалады;

- еңбек шарты (келісім-шарты) бойынша немесе мердігерлік-жалдау шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар-резидент еместер аванстық төлемдердің сомасын бюджетке 20 ақпанда, 20 мамырда, 20 тамызда және 20 қарашада енгізүгеміндettі;

- түпкілікті есеп айырысу мен табыс салығын төлеу жиынтық жылдық табыс пен есепті жыл ішіндегі жүргізілген шегерімдер туралы декларация берілген күннен бастап 10 күн ішінде, алайда есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірілмей жүргізіледі.

"Салық және бюджет төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Жарлықтың 50-бабының 1-тармағына сәйкес көзден ұсталатын занды және жеке тұлғалар:

1) банктік операциялардың жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын банктік және басқа да ұйымдардың осы баптың 1-тармағында көзделген төлемдер төлеуге арналған қаражаттарды алу кезінде бір мезгілде ол қаражаттарды ала отырып, басқа жағдайларда-төлем жасалған айдан кейінгі бес банктік күн ішінде бюджетке салық аударуға;

2) жалақы төлеу кезінде табыс алатын занды тұлғаға оның талап етуі бойынша оның тегі және инициалы, табыс сомасы мен түрі, сондай-ақ ұсталған салық сомасы (егер салық ұсталған болса) көрсетілген анықтаманы беруге;

3) салық жылы аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде осы тұлғаның тіркеу нөмірі, оның атавы немесе тегі және инициалы, табысының жалпы сомасы және есепті жыл үшін ұсталған салықтың жалпы сомасы көрсетілген анықтаманы оның талап етуі бойынша Жарлықтың 50-бабының 1-тармағына сәйкес табыс алған занды және жеке тұлғаға жолдауға міндettі.

б) қосылған құнға арналған салық бойынша:

- егер салық төлеушінің тоқсандағы орташа айлық төлемі ең төменгі 1000 айлық жалақыдан артық болса, онда ағымдағы төлемдер жиырма бесінші және бесінші күндері айында енгізіледі, өткен тоқсан бойынша салықтың алтыдан бір мөлшері сомасында немесе салық төлеушінің қалауы бойынша өткен онкүндік үшін нақты айналымы бойынша;

- егер тоқсандағы орташа айлық төлем ең төменгі 500 айлық жалақыдан кем болса, онда ағымдағы аванстық төлемдер енгізілмейді;

- түпкілікті есеп айырысу мен салық төлеу декларацияны беру бойынша (

есепті мерзімнен кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей) әрбір есепті кезеңде немесе белгіленген мерзім күні жүргізіледі.

- импортталатын тауарлар бойынша кедендей төлемдерді төлеуге арналған Қазақстан Республикасының кеден заңымен белгіленгендей сол күні төленеді;

- тіркелмеген резидент емес үшін Қазақстан Республикасының резиденті бюджетке салық төлеуді тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) беру жүргізілген сол есепті кезеңде жүргізеді;

в) акциздер бойынша :

- тауарлар бойынша (спирттің барлық түрлеріне; арақ; ликер-арақ бұйымдары; күшайтілген сусындар; күшайтілген сусындар мен бальзамдар; шараптар; коньяктар; шампан шарабы; сыра; шарап материалдары) салық сомасы тауарларды сату жүргізілген күннен кейінгі 10 банктік күннен кешіктірілмей бюджетке аударылуы керек;

- басқа да акцизделетін тауарлар бойынша (темекі бұйымдары; құрамында темекі бар басқа да бұйымдар; бекіре және қызыл балықтар, бекіре және қызыл балықтардың уылдырықтары, бекіре және қызыл балықтардан дайындалған деликатестер мен уылдырықтар; алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар; хрусталь, хрустальды жарық беруші аспаптар; бензин (авиациялықтан басқа); дизель отыны; жеңіл автомобилдер; оқпен атылатын және газ қарулары (мемлекеттің өкіметтің мұқтаждықтары үшін алынғандардан басқа) газ конденсатын қоса шикі мұнай, электр энергиясы салық сомасын аудару ;

айдың он күні мөлшерінде жүзеге асырылған сату үшін айдың 13-ші күнінде; айдың екінші он күні мөлшерінде жүзеге асырылған сату үшін айдың 23-ші күнінде ;

есепті айдың қалған күндерінде сатылуы бойынша есепті айдан кейінгі айдың 3 - ші күнінде ;

өтпелі шикізаттан дайындалған өнімдер бойынша өнімдерді тапсырыс берушіге өткізу сәтінде төленеді;

акциздеуге жататын, өзі өндірген шикізаттан акцизделетін өнімді өндірген кезде, осы шикізаттың акцизі осы баптың 1 және 2 тармақтарында көзделген мерзімге үқсатылған өнімді сату кезінде төленеді;

- имортталатын тауарлар бойынша Қазақстан Республикасының кеден заңдары белгілейтін күні төленеді;

- құмар ойындарының бизнесі бойынша алынған түсім бойынша есептелген акция "басқа да акцизделетін тауарлар" тармақшасында көрсетілген мерзімде енгізіледі ;

г) бағалы қағаздар эмиссияларын және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірегейлендіру нөмірін беру тіркегені үшін

а л ы м д а р

б о й ы н ш а ;

- эмитент бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегенге дейін алым сомасын
б ю д ж е т к е е н г і з е д і ;

д) жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері мен салықтары
б о й ы н ш а :

- жазылатын бонус тараптардың келісім-шартында немесе келісімінде
белгіленген мерзімде төленеді, бірақ келісім-шарт жасасқан күннен 30 күнтізбелі
күннен кешіктірілмеуі тиіс. Коммерциялық табу бонусы белгілеген тәртіпке
сәйкес коммерциялық табу расталған уақыттан бастап күнтізбелік 30 күннен
к е ш і к т і р і л м е й т ө л е н е д і .

Егер роялти бойынша орташа айлық төлемдер ең төменгі айлық 1000
көрсеткіштен кем болса, онда роялти бойынша төлемдер ай сайын төленеді. Егер
роялти бойынша тоқсандағы орташа айлық төлемдер ең төменгі айлық 1000
көрсеткіштен кем болса, онда роялти бойынша төлемдер тоқсан сайын төленеді.
Роялти есептік кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірілмей төленеді;

- есепті жылда алынған ұстеме пайдаға салынатын салық есепті жылдан
кейінгі жылдың 15 сәуіріне дейін төленеді;

ж) ж е р с а л ы ғ ы б о й ы н ш а :

- жер салығын ауылшаруашылық жер иелері мен жерді пайдаланушылар
және жеке тұлғалар - жер участкерінің иелері жылдың 1 қазанынан кешіктірмей
т ө л е й д і ;

- ауылшаруашылық емес жер пайдаланушылар - занды тұлғалар жер салығын
тең үлеспен 20 ақпанда, 20 мамырда, 20 тамызда және 20 қарашада төлейді;

3) көлік құралдарына салық бойынша төлем ұстідегі жылдың 1 шілдесіне
дейін жүргізіледі, ал көлік құралдарын тіркеген және қайта тіркеген жағдайларда
салық төлеу көлік құралдарын тіркеу және есепке алу орны бойынша аталған
іс-әрекеттер жасалғанға дейін жүргізіледі. Ұстідегі жылдың иесінің өзгеруіне
немесе Қазақстан Республикасы аумағында тұратын жерінің ауысуына
байланысты көлік құралдары қайта тіркелген кезде салық екінші рет төленбейді;

и) м ү л і к к е с а л ы н а т ы н с а л ы қ б о й ы н ш а :

- кәсіпкерлік қызметпен айналысатын занды және жеке тұлғалар ағымдағы
төлемдерді тең үлеспен салық жылдының 20 ақпанында, 20 мамырында, 20
тамызында, 20 қарашасында т ө л е й д і ;

- есепті жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген нақты тиісті
салықты төлеу немесе артық төленгенін қайтару есепті жылдан кейінгі жылдың
10 сәуірінде ж ү р г і з і л е д і ;

- жеке пайдалануындағы мүлік бойынша жеке тұлғалар салықты сол жылдың 1
қазаннан к е ш і к т і р м е й т ө л е й д і .

Салық қызметі салық төлеушіге есептелген салық сомасы туралы хабарлама

берген жағдайда салық хабарламада белгіленген мерзімде төленуі тиіс, ал егер хабарламада мерзімі көрсетілмесе, онда салық органы тапсыру фактісін растайтын құжат поchtадан алған күннен есептегендеге банктік бес күн ішінде немесе егер хабарлама салық төлеушінің тікелей өзіне табыс етілсе, онда хабарламаны алған күннен бастап банктік бес күн ішінде төленеді.

к) әлеуметтік салық бойынша:

- төлеу ай сайын, айдың екінші жартысы үшін жалақы төлеу үшін белгіленген мерзімде, бірақ жалақының төленгеніне қарамастан келесі айдың 15-күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

л) таза кіріске салық:

- резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесі жиынтық жылдық табыс және есепті жыл үшін жасалған шегерімдер туралы декларацияны табыс еткен күннен бастап 10 күн ішінде, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей төлеуді.

м) бірыңғай жер салығы:

- бірыңғай жер салығы есепті жыл үшін екі мерзімде, төлемдер аумақтық салық органдарымен келісім бойынша бөліне отырып есепті жылдың 1 қазанына дейін және есепті жылдан кейінгі жылдың наурызына дейін төленеді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.07. N 37 V970037_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. бөлімнің з)тармақшасы жаңа редакцияда жазылды, в), г) тармақшалары өзгертілді, л), м) тармақшаларымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990889_

XVII. Артық төленген салық сомасын қайтару

1. Егер әлдебір салық түрі бойынша бюджетке төленген салық сомасы есептелгеннен артып кетсе, салық қызметі артып кеткен соманы салық төлеушінің келісімінсіз оның басқа салықтары есебіне есепке алуы тиіс.

2. Егер салық төлеушінің өтелмеген салық міндеттемелері болмаса, ол артып кеткен соманы алдағы төлемдер бойынша өзінің міндеттемелері есебіне есептеуге салық қызметіне келісім бере алады.

3. Ал егер салық төлеуші артық төленген салықты алдағы төлемдер жөніндегі міндеттемелері есебіне есептеуге келісім бермесе, салық органдары артық төленген соманы салық төлеушінің жазбаша өтініші бойынша 20 күн мерзім ішінде қайтаруға міндетті. Мұндай жағдай есептеуге жатқызылған салық сомасының есепті кезең үшін есептелген салық сомасынан асып кетуі нәтижесінде қалыптасқан қосылған құнға салынатын салықтың асып кеткен сомасына

қ о л д а н ы л м а й д ы .

Егер есептелген салық сомасын төлегеннен кейін салық сомасының дұрыс белгіленбегендігі және соның салдарынан сол есептелген соманың қайта қаралатындығы анықталған жағдайда салық органы салық төлеушінің жазбаша өтініші бойынша оны қайтаруы тиіс немесе алдағы төлемдер жөніндегі міндеттемелерінің есебіне есептеуі мүмкін.

Есепті кезең үшін есептелген сомадан жоғары есептемеге жататын салық сомасының артуы қосылған құнға салынатын салық бойынша, оның ішінде импорт кезінде төленуге тиісті алдағы төленетін төлемдердің есебіне есептеледі.

Аталған артық соманы импорттау кезіндегі қосылған құнға салынатын салықты төлеу есебіне есептеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша салық төлеушілерге мұндай сомалар салық төлеушінің өтінішін салық қызметі сәттен бастап 60 күн ішінде мұндай сома қайтарылады.

Салық есептелген сомадан жоғары есептемеге жататын салық сомасының артуы есепті кезең ішінде пайда болса және егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша салық төлеуші қосылған құнға салынатын салық сомасын қайтару туралы арызбен салық органдарына өтініш білдірмесе, онда көрсетілген артқан сома есепті кезеңнен кейінгі кезеңге есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 3-тармак өзгертілді және толықтырылды - КР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1

V970062_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1998.07.10. N 62

V980544_

бұйрығымен.

Ескерту. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310

V990784_

бұйрығымен.

XVIII. Салық төлеу мерзімін ұзарту және айыппұл
санкциялары

ЕСКЕРТУ. Бөлімнің атауы өзгертілді және 1-тармақ жаңа редакцияда
- ҚР Қаржы министрінің 1997.02.07. N 37

V970037_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1998.07.10. N 62

V980544_

бұйрығымен.

1. Салық төлеушіден негізделген жазбаша өтініш алғаннан кейін аумақтық
салық органының басшысы тиісті қаржы органының басшысымен келісім
бойынша жергілікті бюджетке толық көлемінде төлеуге жататын салықты және (
немесе) айыппұл санкцияларын төлеудің зандарда белгіленген мерзімдерін бір
салық жылынан асырмай ұзартуға құқылы.

М ы с а л :

Салық төлеуші мүлікке салық төлеу мерзімін 1997 жылғы 20 тамыздан 1997

жылғы 20 қарашаға дейін көшіру туралы жазбаша нысанда өтініш береді. Өтініште көрсетілген себептерді салық және қаржы органдары төлемді төлеу мерзімін ұзарту үшін негіздеген деп тапты.

Бұл ретте төлемді ұзарту кезеңі 1998 жылғы 31 желтоқсаннан кеш белгілене а л м а й д ы .

Салық төлеушінің тіркелу орны бойынша жергілікті атқарушы органның өтінішін алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі осы тармақтың бірінші бөлігінде аталмаған салықты және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеудің заңдарда белгіленген мерзімдерін бір салық жылынан асырмай ұзартуға құқылы.

Салықтарды және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеудің мерзімін ұзарту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Салықтарды төлеу мерзімін ұзарту салық төлеушіні осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджетке салықты уақтылы енгізбекені үшін өсім төлеуден босатпайды.

Қызметінің жалғыз түрі өндіріс, жылу тарату мен тасымалдау салаларында қызмет көрсету болып табылатын заңды тұлғаларға салықтарды және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеудің мерзімдерін ұзарту кезінде ұзарту беру кезеңіне өсім е с е п т е л м е й д і .

М ы с а л :

Айталақ, жоғарыда айтылған мысалдағыдай фактілер бар. Алайда, салық төлеуші ұзартудың бүкіл кезеңі ішінде есептелеңтін өсім төлеуден бюджетке салықты төлеу сәтіне дейін босатылмайды.

3. Төлеу көзінен ұсталған, заңды тұлғалардың кірістерінен табыс салығын төлеуге салық төлеушілерге ұзарту берілмейді.

4. Салықтарды және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеудің мерзімін ұзарту құқығы құқықты басқа біреуге берген кезде басқа тұлғаға берілмейді.

4-1. Салықты және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеудің мерзімін ұзарту салық төлеуші оларды төлеу жөнінде өзінің міндеттемелерін қамтамасыз ететін кепілдік бергеннен кейін беріледі.

Салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы кепілдік қатаинастарға кепілдік туралы жалпы ережелердің заңмен реттелмеген бөлігі қолданылады.

5. Акцизді төлеу мерзімдері ұзартылмайды

6. Салық қызметінің органдары қаржы қызметі органдарымен келісім бойынша өнеркәсіптік ұқсатуға арналған импортталағын шикізат пен материалдарға қосылған құн салығын төлеуді мұрсат беру туралы тәртіпке сәйкес үш айға кейінге қалдырады. Берешектің көрсетілген сомасын үш айлық мерзім ішінде өтеуді салық органдары сатылған өнім бойынша қосылған құнға салынатын салық жөніндегі бюджеттен өзара есеп айырысу әдісімен жүргізеді.

Өтөлмеген берешек сомасына көрсетілген үш айлық мерзім аяқталған алғашқы
күннен бастап өсім есептеледі.

- N 37 Нұсқаулықтың 9-қосымшасы.

ЕСКЕРТУ. XVIII-тарау 3, 4, 5-тармақтармен толықтырылды, 3, 4,
5-тармақтары тиісінше 6, 7, және 8 тармақтар деп есептелді -
ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V 9 8 0 5 4 4 _ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлінің
1997.02.07. N 37 V970037_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі
Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

7. Салық қызметінің органдары бюджетке төленуге тиісті салық сомасының
кемітілгендердің салық қызметі органдарының бұдан бұрын анықтамаған
жағдайында кеміту сомасы өсімді есептемей және айыппұл санкцияларын
қ о л д а н б а й а л ы н а д ы .

8. Күштеп таратылған банктердің несие алушыларына банктің таратылуына
байланысты пайда болған салықтарды және бюджетке төленетін міндетті
төлемдерді уақытылы төлемегені үшін айыппұлдар мен өсімақылар банктің
күштеп таратылған күнін растайтын ресми құжат күшіне енген сәттен бастап
е с е п т е л м е й д і .

9. Акцияларды қосымша эмиссиялау туралы сот шешімі күшіне енген
күннен бастап қосымша эмиссияланған акцияларды орналастыру аяқталғанға
дейін салықтар бойынша мерзімі өткен берешек сомасы бөлігінде өсім
есептелмейді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерілді - ҚР Қаржы министрлінің
1997.02.07. N 37

V970037_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1997.12.29. N 1

V970062_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1, 2, 3, 4-тармақтары жаңа редакцияда жазылды, 4-1, 9-тармақтарымен толықтырылды, 7-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990889_

XIX. Салық бойынша берешекті өтеу тәртібі

1. Мемлекеттік бюджет алдындағы берешекті өтеу мынадай кезекпен жүргізіледі:

- а) өсімдерді есептеу;
- б) айыппұлдарды есептеу;
- в) салық сомасы.

Бюджет алдындағы берешекті өтеудің қарастырылған тәртібі салық төлеушінің жауапкершілігін күшайтеді.

2. 2001 жылғы 1 қантарына дейін мемлекеттік бюджет алдындағы берешекті жабудың мынадай кезегі белгіленген:

- 1) салықтың сомасы;
- 2) есептелген айыпақылар;
- 3) есептелген айыппұлдар.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.07. N 37

V970037_

бұйрығымен.

Ескерту. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990784_

бұйрығымен.

Салық зандарын бұзғаны үшін жауапкершілік
және дауларды шешу
Салықты еріксіз өндіріп алу

ЕСКЕРТУ. Тараптар нөмірленді (XX-XXXII) - ҚР Қаржы министрлігінің
1995.12.29. N 365

V950011_

бұйрығымен.

ХХ. Салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдер бойынша
төленбеген қарыздарды салық қызметі органдарының өндіріп алуы

Ескерту. ХХ-бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990784_

бұйрығымен.

1. Салықтарды, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу
мемлекет алдындағы борыш болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының салық зандарында белгіленген мерзімде
аумақтық салық органдарына ұсынылған декларациялар мен (немесе)
есептесулер бойынша салық төлеуші есептеумен салықтар немесе ағымдағы
және аванстық төлемдер, сондай-ақ алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді
төлемеген жағдайда, аумақтық салық органдары салық төлеушінің
шоттарындағы (занды және жеке тұлғалардың айырбас бағамының еркін
айналысы режиміне көшумен байланысты теңге депозиттерін қоспағанда)
қаражатты салық төлеушінің келісімінсіз салықтар, ағымдағы және аванстық
төлемдер, алымдар, басқа да міндетті төлемдер және өсімдер бойынша құралған
қарыздар көлемінде өндіріп алуға құқылы.

3. Салық қызметі органдарының тексеру актілері бойынша Қазақстан
Республикасының салық зандарында белгіленген мерзімде бюджет кірісіне

салықтардың, алымдардың, басқа да міндettі төлемдердің, айыппұлдар мен өсімдердің есептелген сомалары төленбеген жағдайда, аумақтық салық органдары егер салық төлеуші осында төлем сомасына келісетін болса, тексеру актілері бойынша есептелген салық төлеушінің банк шотындағы (занда және жеке тұлғалардың айырбас бағамының еркін айналысы режиміне көшумен байланысты теңге депозиттерін қоспағанда) қаражат сомасы мөлшерінде өндіріп алуға

құқылы.

4. Тексеру актісі бойынша анықталған және есептелген салықтар, алымдар, басқа да міндettі төлемдер, айыппұлдар мен өсімдер сомаларына осы Нұсқаулықтың XXXI және XXXII бөлімдерінде белгіленген тәртіппен 5 банк күні ішінде шағым бермеу осы бөлімнің 6-тармағы бойынша келісу болып саналады.

Салық төлеуші осы тараудың 3 тармағына келіспеген жағдайда Нұсқаулықтың XXXI және XXXII тарауларында бекітілген тәртіппен 5 банк күні ішінде тексеру актілері бойынша салықтардың, алымдардың, басқа да міндettі төлемдердің, айыппұлдар мен өсімдердің және анықталған шағым беру және есептелген сомаларға салық төлеушінің банк шотындағы көрсетілген сомаларды өндіріп алу

тоқтатылады.

Тексеру актісі бойынша салықтардың, алымдардың, басқа да міндettі төлемдердің, айыппұлдар мен өсімдердің анықталған және есептелген сомаларын өндіріп алу тексеру актісі бойынша салықтардың, алымдардың, басқа да міндettі төлемдердің, айыппұлдар мен өсімдердің есептелгені туралы жазбаша хабарламада көрсетілген төлем мерзімі не өсім есептеліп, XXXI бөлімде белгіленген тәртіппен және шарттармен салық төлеушінің келісімінсіз жүргізіледі.

5. Салық төлеушінің банк шоттарында қаражат болмаған жағдайда аумақтық салық органдары салық төлеушінің алдында қарызы бар екенін растайтын салық төлеуші мен оның дебиторының арасындағы өзара есеп айырысулады салғастыру актісі болса, салықтар, алымдар, басқа да міндettі төлемдер, айыппұлдар мен өсімдерді және (немесе) құралған қарыздары шегінде оның дебиторларының банк шоттарынан салық қызметінің тексеру актісі бойынша есептелген салықтар, алымдар, басқа да міндettі төлемдер, айыппұлдар мен өсімдердің сомаларын өндіріп алуға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 2, 3-тармақтары толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V 9 9 0 8 8 9 _

XXI. Салық төлетуді қамтамасыз ету

1. Берешектің төленуін қамтамасыз ету үшін салық қызметінің органдары салық төлеушінің немесе оның дебиторларының шотында қаражат болмаған жағдайда Үкімет айқындаған тәртіpte салық төлеушінің мұлік иеленуін шектеу туралы шешім шығаруға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

2. Иеленуін шектелген мұлік алынады немесе салық төлеушінің пайдалануында қалады, ол мұліктің сақталуы үшін жауап береді.

3. Берешек өтемеген жағдайда мұлікті иеленуді шектеу туралы шешім жойылуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 1,2,3-тармақтар өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1995.12.29. N 365 V950011_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

XXII. Салық төлеушінің мүлкінен өндіріп алу тәртібі

1. Салық қызметі салық төлеушінің келісуімен айыпакыны оның иеленуі шектелген мүлкінен берешек сомасы шегінде өндіріп алуды қолдану құқығы бар.

2. Салық төлеушінің өзінің иеленуі шектелген мүлкіне иеленуді шектеу туралы салық қызметі органдарының шешіміне 5 банктік күн ішінде шағымданбауы салық төлеушінің келіскеңі болып табылады.

Егер салық төлеуші белгіленген мерзімде салықты бюджетке төлемесе немесе оның дебиторларының есеп шотында қарызды өтеу үшін қаражат болмаса, онда салық қызметінің бастығы салық төлеушінің мүлкін иеленуді шектеу.

Салық сомасын толық өтеу үшін, сондай-ақ оны бағалау, сақтау және сату жөніндегі шығындарды өтеу үшін қажетті мұліктердің сол көлемі ғана иеленуді шектеуге жатқызылады. Байланыс бөлімшесінен салық органының ескертуін алған күннен бастап 5 банктік күн ішінде немесе егер хабарлама оның өзіне тапсырылса, салық төлеушінің хабарламаны алған күннен бастап 5 банктік күнде салық төлеуші иеленуді шектеу туралы шешімге шағымдануға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 1,2-тармақтар өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1995.12.29. N 365 V950011_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

XXIII. Иеленуі шектелген мұлікті сату

1. Салық төлеушінің иеленуі шектелген мұлкі мамандандырылған ашық аукционда сатылады, оны өткізудің тәртіптері мен шарттары Қазақстан Республикасының **Үкіметі** анықтаған.

2. Мұлікті сатудан алынған түсім бірінші кезекте өндіріп алуды қолдану мен сату шығындары есебіне, соナン соң өсімді, айыппұлдарды және салықтың өзін төлеу есебіне жатқызылады. Қаражаттың қалдығы салық төлеушіге банктік үш **күн** **i ш i н д e** **қ a й t a r y l a d y .**

ЕСКЕРТУ. Тарау және 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің
1995.12.29. N 365 V950011_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің
1997.02.07. N 37 V970037_ бұйрығымен.

XXIV. Салық төлеушіге тиесілі соманы өндіріп алу

Өндіріп алу процедурасына сәйкес салық қызметінің бастығы үшінші тұлғаға (соның ішінде жұмыс берушіге, банкке немесе басқа қаржы мекемесіне), мұлкінен өндіріп алуды қолдану туралы хабарлама тапсырылған күнге дейін салық төлеушіге тиесілі кез-келген соманы тиісті бюджетке төлеуді ұйғарған хаттама жіберуге, сондай-ақ үшінші тараптың - дебиторлардың банк шотынан осындай **соманы** **алуға** **құқығы** **бар.**

Хабарлама тапсырылған күннен кейін 5 банктік күннің өтуі бойынша салық инспекциясы үшінші тұлғаның, яғни дебитордың банк шотынан сол сомаға өкім беруге құқылы.

Борышкердің табыс алудың қосымша көздерінің бар екендігі анықталған жағдайда салық органы қарыз сомасын борышкердің еңбек ақысынан ұстау көрсетілген (төленуге тиісті еңбек ақының 50 процентінен аспайтындей, Қаз ССР КЗОТ-ы, 108-бап) жазбаша хабарлама жібереді.

ЕСКЕРТУ. 1-абзац өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің
1997.02.07. N 37

V970037_

бұйрығымен.

XXV. Экспорт операцияларын кідірту

Салық төлеушінің мүлкінен өндіріп алу қолданылған кезде Қазақстан Республикасының кеден органдары салық қызметі органдары жіберген хабарлама негізінде экспортталатын тауарларды тұмшалау жолымен салық төлеушінің экспорттық операцияларын кідірте тұрады.

XXVI. Жауапкершілік

Төлем көзінен табыс салығын ұстамағаны үшін жауапкершілік

Егер Қазақстандағы мекеменің жұмыстар атқару мен қызметтер көрсетуден кірістері Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұрақты мекеме есебінен айналып есептелсе, онда субъект осы анықтама беретін орган көрсетіліп салық инспекциясы берген, тұрақты мекеменің салық төлеушінің тіркеу нөмірімен анықтаманы алуы керек. Бұл ретте тікелей табыс төлейтін субъект осы тұрақты мекеменің шотын айналып өтіп, үшінші тұлғаның шотына қаражаттарды аудару туралы тұрақты мекеме тіркелген салық органын хабардар етуге міндетті. Көрсетілген анықтама болмаған жағдайда табыс салығы төлем көздерінен ұсталауы керек.

Одан басқа шаруашылық жүргізуши субъектілер арасында жасалатын операцияларды жүзеге асыру кезінде табыс төленетін салық төлеуші жұмыстар, қызметтерді іске асырған субъект шотынан айналып өтіп, үшінші тұлға шотына төлем жасаса, көрсетілген қызметтер субъектінің тіркелу орны бойынша салық қызметінің органын хабардар етуі керек.

Салық қызметі органдарына салық төлеушілердің жолдайтын хабарламалары жазбаша түрде жасалуы, басшылары мен бас бухгалтерлерінің тегі және инициалдары көрсетіле отырып қол қойылған, елтаңбалы мөрмен бекітілген және арнаулы почтамен жолданған болуы керек (хабарламаның үлгісі осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында келтірілген).

Есеп айырысулар мен аударымдарды жүзеге асыру кезінде занды тұлға-банк клиенті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындалған міндетті реквизит көрсетілген есеп айырысу құжатын ұсынады.

Электрондық тәсілмен есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ банк алушының ақшасын корреспонденттік шотқа банк-төлеушінің ақшаны аударған кезінде есеп айырысу құжаттарының электрондық үлгісі міндетті реквизиттерге ие болуы керек.

Көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда қолданылып жүрген зандарда көрсетілген ережелерге сәйкес салық төлеушілер жауапқа тартылады.

Белгілі бір міндетті реквизиттерге ие емес есеп айыру құжаттарын

қабылдағаны үшін банктерге қолданылып жүрген зандарда көзделген айыппұл
санкциялары қолданылады.

ЕСКЕРТУ. XXVI-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің
1997.02.07. N 37 V970037_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. XXVI-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

Ескерту. XXVI бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

XXVII. Мерзімі өткен салық төлемдері бойынша өсімдер

1. Уақтылы төленбеген салық сомасы, оның ішінде және мәлімделген
аванстық төлемдер бюджетке, осы сома төленген күні, мерзімі өткен әрбір күн
үшін (төлем жасау күнін қосқанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есе ресми мөлшерінде өсім есептеліп,
өндіріп алынаады.

Қайта қаржыландыру ставкалары ай сайын бұқаралық ақпарат құралдарында
жарияланып тұрауды.

Өсім есептеу мынадай әдістеме бойынша жүргізіледі. Егер Ұлттық Банкінің
қайта қаржыландыру ставкасы, мысалы, 65 процент болса, уақтылы төленбеген
салық сомалары үшін өсім сомасын есептеу кезінде осы ставканы қайта
қаржыландыру ставкасының 1,5 есе ресми мөлшеріне көбейтіп, 365 күнге бөлу
қажет ($65 \times 1,5 : 365 = 0,27$ процент 1 күнге).

Мысал: Салық төлеуші 25 шілдеде 20 мың теңге мөлшерінде табыс салығын
төледі, ал ол оны 20 шілдеде төлеуге тиіс болатын. 5 күнге өсім есептеледі. Бұл
жағдайда өсім сомасы 270 теңге болмақ ($20 \text{ мың теңге} \times 0,27 \text{ процент} \times 5 \text{ күн} : 100$).

Әлдеқандай салық түрі бойынша артық төленген соманы салық органы
салықтың басқа түрлері бойынша берешек есебіне жатқызады.

Егер салық төлеушіде есептеуден кейін әлдеқандай салық түрі бойынша
артық төленген сома қалдығы қалса, онда аванстағы төлемдер есебіне, сондай-ақ
салықтың басқа түрлері бойынша есептеу салық төлеушінің жазбаша өтініші
бойынша жүргізіледі. Бұл тәртіп салықтың барлық түрлеріне қолданылады.

Әлдеқандай салық түрі бойынша артық төленген сома болған жағдайда салық
төлеуші аванстық төлемді белгіленген тәртіппен есептейді, ал есепті кезеңнен
кейінгі аванстық төлемді төлеу артық төленген соманы есепке алу арқылы
жүргізуі мүмкін, бірақ салық төлеуші бұл жайында салық органына жазбаша
хабарлауға міндетті.

Егер салық төлеушіде салықтың осы түрі бойынша артық төленген сома

болса, салық органы артық төленген соманы басқа салықтарды төлеу есебіне қоспаса және салық төлеуші артық төленген соманы қайтару туралы жазбаша өтініш бермесе, салықтарды құжаттамалық тексеру кезінде (соның ішінде аванстық төлемдер бойынша) өсім есептелмейді.

Егер өткен есептік кезеңде есепке жатқызылатын есептелген салық сомасынан артық салық сомасы пайда болса және егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым бойынша салық төлеуші салық органына қосылған құнға салынатын салық сомасын өтеу туралы өтініш жасамаса, онда аталған арту есептен кейінгі кезеңге есептеледі, және бұл жағдайда ағымдағы дер кезінде төленбеген төлемдер бойынша қосылған құнға салынатын салыққа өсім есептелмейді.

Егер салық төлеушіде әлдеқандай салық түрі бойынша артық төленген сома болмаса және салық төлеушінің жазбаша өтініші берілмесе, салықтың осы түрінің уақтылы төленбеген аванстық төлемдері бойынша өсім салықтың басқа түрлері бойынша артық төленген соманың бар-жоғына қарамастан есептеледі.

Мысал: Салық төлеуші декларацияда салық сомасын (4 түрлі салық) төмендетіп, салықтың бір түрі бойынша артық төленген. Мұндай жағдайда салықтың әрбір түрін төмендеткені үшін айыппұл салынады, төленуге тиіс табыс салығының сомасы қайта есептеледі, ал содан соң өсімі бар салық түрі бойынша бюджетке төленген артық сома ескеріле отырып, өсім есептеледі, бұл орайда бюджетке артық сома төлеу мерзімі ескеріледі.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980544_ бұйрығымен.

2. Салық төлеушілердің өтініші бойынша уақытылы қайтарылмаған салықтың артық төленген сомасы өтелуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасынан басқа немесе дұрыс ұсталынбаған сома салық төлеушіге, осы сома төленген күні, мерзімі өткен әр күн үшін (төлем жасау күнін қосқанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есе ресми мөлшерінде процент төленіп, қайтарылады.

Салық төлеушінің өтініші бойынша артық төленген салық сомасының өтелуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасынан басқа уақытылы қайтарылмағаны үшін салық төлеушінің пайдасына өсім ол өтініш берген күннен кейін 21-ші күннен бастап есептеледі, бұған мүлікке салынатын салық қосылмайды, ол бойынша өсім салық жылышын нәтижелері бойынша салық төлеуші декларация тапсырғаннан кейін табыс салығы бойынша декларация тапсыруға көзделген мерзімде 11-ші күннен бастап есептеледі.

Есепті кезеңде өтелуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасынан басқа есептелген салық сомасынан асып кететін, есепке жатқызылатын артық салық сомасын уақытылы қайтармағаны үшін салық төлеушінің пайдасына өсім салық қызметі салық төлеушінің жазбаша өтінішін алған құннен бастап есептегенде 11-ші құннен есептеледі, бұл орайда салық төлеушінің сауда-делдалдық қызметі бойынша - жазбаша өтініш алған сәттен бастап 61 құннен бастап есептелінеді.

Салық органды дұрыс ұстамаған сомаларға (салықтар, аванстық төлемдер, өсімдер, айыппұлдар) өтелуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасынан басқа өсім дұрыс ұсталынбаған құннің ертеңінен бастап есептеледі.

Өсім уақыты өтіп кеткен, мөлшері кемітілген салықтарға (соның ішінде аванстық төлемдерге) өтелуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасынан басқа ғана есептеледі, есептелген өсімдер мен айыппұлдардың сомаларына өсім есептеле мейді.

Егер салық төлеуші салық қызметі тексергенге дейін, болмаса аудиторлық қызметтің көмегімен тексеру жүргізілгенге дейін өткен салық жылында салық заңдарында олар жіберген бұрмалаушылықтарды өз бетінше байқаса, онда ол бұрмалаушылыққа жол берілген сәттен бастап қосымша салық сомасы бюджетке енгізілген сәтке дейінгі кезең үшін белгіленген мөлшердегі тиесілі салық пен өсім сомасын бюджеттің кірісіне белгіленген мерзімде енгізуге, сондай-ақ салық қызметіне жазбаша арыз жолдап, онда түзетілген бұрмалаушылықтардың сипатын баян етуге және қосымша есептелген және бюджеттің кірісіне енгізілген салық пен өсім сомасын көрсетуге міндettі. Салық қызметі төлемдердің бюджетке нақты келіп тұсуін алдын ала тексере отырып, салық төлеушінің арызын және осы нұсқаулықтың X бөлімінің 2-тармағына сәйкес жасалған декларацияны қабылдап алуға міндettі.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1995.12.29. N 365 V950011_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1 және 2 тармақтар өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1997.02.07. N 37 V970037_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970062_ бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990784_ бұйрығымен.

XXVIII. Декларацияны уақтылы тапсырмағаны үшін айыппұл

Белгіленген мерзімде салық декларациясын табыс етпеген заңды немесе жеке тұлғаларға декларация ұсынылмаған әр ай үшін төленуге тиісті, бірақ декларация

бойынша төленбеген соманың 5 проценті мөлшерінде айыппұл салынады.

